



Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 24 маусымдағы N 44-IV Заңы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл шарт Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

Душанбеде 2007 жылғы 6 қазанда қол қойылған Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шарт ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.НАЗАРБАЕВ

Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартты негізге ала отырып,

өзара саудада тауарлардың еркін қозғалысын және кеден одағының үшінші елдермен саудасын қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ Тараптардың экономикалық ықпалдастығын дамыту мақсатында,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Шартта пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"бірыңғай кеден аумағы" - Тараптардың кеден аумақтарынан тұратын аумақ;

"бірыңғай кеден тарифі" - үшінші елдерден бірыңғай кеден аумағына әкелінетін, Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жүйеленген тауарларға қолданылатын кедендік баж ставкаларының жиынтығы;

"кеден одағы" - Тараптардың сауда-экономикалық ықпалдасу нысаны, ол өз шегінде бірыңғай кеден аумағында болатын, сондай-ақ үшінші елдерден шыққан және осы кеден аумағында еркін айналымға шығарылған тауарлармен өзара саудада, арнайы

қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қоспағанда, кедендік баждар мен экономикалық сипаттағы шектеулер қолданылмайтын бірыңғай кеден аумағын көздейді. Бұл ретте Тараптар үшінші елдермен тауарлар саудасында бірыңғай кеден тарифін және басқа да бірыңғай реттеу шараларын қолданады;

"үшінші елдер" - осы Шарттың қатысушысы болып табылмайтын мемлекет.

2-бап

Тараптардың кеден аумақтарын бірыңғай кеден аумағына біріктіру және кеден одағын қалыптастыруды аяқтау туралы шешімді мынадай:

а) бірыңғай кеден тарифін және үшінші елдермен сыртқы сауданы реттеудің өзге де бірыңғай шараларын белгілеу және қолдану;

б) үшінші елдермен қатынастарда бірыңғай сауда режимін орнату және қолдану;

в) кедендік баждарды, баламалы күші бар өзге де баждарды, салықтарды және алымдарды есептеу және болу тәртібін белгілеу және қолдану;

г) тауарлар шыққан елді айқындаудың бірыңғай ережесін белгілеу және қолдану;

д) тауарлардың кедендік құнын айқындаудың бірыңғай ережесін белгілеу және қолдану;

е) сыртқы және өзара сауда статистикасының бірыңғай әдіснамасын белгілеу және қолдану;

ж) тауарларды декларациялаудың және кедендік төлемді төлеудің бірыңғай ережелері мен бірыңғай кеден режимдерін қоса алғанда, кедендік реттеудің біріздендірген тәртібін белгілеу және қолдану;

з) Тараптар берген өкілеттіктер шегінде өз қызметін жүзеге асыратын кеден одағы органдарын құру және олардың жұмыс істеу іс-шаралары аяқталғаннан кейін кеден одағының жоғары органы қабылдайды

3-бап

Тараптар бірыңғай кеден аумағы құрылған кезден бастап өзара саудада кедендік баждарды, сандық шектеулерді және оларға баламалы шараларды қолданбайды.

Осы бапта ештеңе де Тараптарға өзара саудада арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды, сондай-ақ, мұндай тыйымдар мен шектеулердің ақталмаған кемсітушілік құралы немесе сауданы жасырын шектеу болып табылмау шартымен қоғамдық моральді, адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, қоршаған табиғи ортаны қорғау және мәдени құндылықтарды қорғау үшін қажетті импорттың немесе экспорттың тыйымдары мен шектеулерін қолдануға кедергі келтірмейді.

4-бап

Егер, бірыңғай кеден аумағы құрылған кезге дейін Тараптар арасындағы қолданыстағы екі жақты халықаралық шарттарда тауарлардың импортына немесе экспортына байланысты өндіріп алынатын кедендік баждар мен алымдарға, осындай баждар мен алымдарды өндіріп алу әдістеріне, Тараптар арасындағы өзара тауар саудасында қолданылатын ережелер мен әкімшілік рәсімдеріне қатысты осы Шартпен белгіленетін режиммен салыстырғанда неғұрлым қолайлы режим көзделген жағдайда, онда осындай халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

5-бап

Бірыңғай кеден аумағы құрылған кезден бастап Тараптардың әрбірі кез келген үшінші елге халықаралық шарт негізінде немесе іс жүзінде беретін тауарлардың импортына немесе экспортына байланысты қолданылатын, тауарлардың импортына немесе экспортына байланысты өндіріп алынатын кедендік баждар мен алымдарға қатысты режим, осындай баждар мен алымдарды өндіріп алу әдістері, ережелер мен әкімшілік рәсімдері осы Тараптың басқа Тарапқа ұсынатын режиміне қарағанда неғұрлым қолайлы болуы мүмкін емес.

6-бап

Осы Шартты түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы шешеді, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы сотының қарауына беріледі.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Шарт ратификациялауға жатады.

Осы Шарттың күшіне енуі, одан шығу және оған қосылу тәртібі 2007 жылғы 6 қарашадағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттардың күшіне ену, одан шығу және оған қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2007 жылғы 6 қарашада Душанбе қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Шарттың түпнұсқа данасы осы Шарттың депозитарийі болып табылатын ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитетінде сақталады және ол әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК